

2024-2025 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2024 жылғы 28 мамырдағы № А-5/236 қаулысы.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы, 2-тармағындағы 8) тармақшасына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2024-2025 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

М.Ахметжанов

Ақмола облысы әкімдігінің
2024 жылғы 28 мамырдағы
№ А-5/236 қаулысына
қосымша

2024-2025 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 14.11.2024 № А-11/542 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады) қаулысымен.

Білім беру саласының коды және атауы	Даярлау бағытының коды және атауы	Гранттардың саны (күндізгі оқу нысаны бойынша)	Оқу жылы ішінде бір білім алушыны (маманды) оқытуға жұмсалатын шығыстардың орташа құны (мың теңге)	
			2024 жылғы 4 айға	2025 жылғы 8 айға
Бакалавриат				
	6B012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	1	336,0	672,1
	6B013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау	9	336,0	672,1
	6B014 Жалпы дамудың пәндік			

6 В 0 1 Педагогикалық ғылымдар	мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	85	336,0	672,1
	6 В 0 1 5 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	77	336,0	672,1
	6В017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	184	336,0	672,1
	6В019 Арнайы педагогика	2	336,0	672,1
6В07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	6В071 Инженерия және инженерлік іс	1	336,5	673,1
6В09 Ветеринария	6В091 Ветеринария	2	363,1	726,2
6В02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	6 В 0 2 2 Гуманитарлық ғылымдар	2	352,0	704,0
6В10 Денсаулық сақтау	6В101 Денсаулық сақтау	354	406,1	812,2
Жиыны:		717		
Резидентура				
7R01 Денсаулық сақтау (медицина)	7R011 Денсаулық сақтау	90	603,8	1207,5
7R01 Денсаулық сақтау (медицина) ерекше мәртебесі бар	7R011 Денсаулық сақтау	1	646,6	1293,3
Жиыны:		91		
Барлығы:		808		